

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(20) қазан-желтоқсан 2019

ISSN 2710-3994

**Бас редактор:**  
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтті Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**  
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**  
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**  
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**  
Қоңқабаева Арайлым

**Техникалық хатшы:**  
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромилейл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумеков Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**  
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**  
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**  
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

**Технический секретарь:**  
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*  
*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkhitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**

Khumarzak Altynbek

## ТҮРКІ-МОНҒОЛ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Жуматаев Р.С.<sup>1</sup>, Кожабекова Ж.Б.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы, PhD,

<sup>2</sup>Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының оқытушысы, PhD

**Аңдатпа.** Мақаланың мақсаты дәстүрлі мәдениеттегі жылқының рөлін қарастыру. Жылқы культі шаруашылығы, мәдениеті және тұрмысы осы жануармен айрықша байланысты болған түркі-моңғол халықтарында жарқын көрініс табады. Авторлар аталған халықтардың дүниетанымында жылқымен байланысты таным-түсінік маңызды орынға ие екендігін алдыға тартады, жәнеде оның бейнесі көпқырлы символика толыққандығы аталады. Дәстүрлі дүниетанымда жылқы киелі жануар мәртебесін иеленді және түрлі ғұрпытарды жүзеге асыруда айтарлықтай орын алды. Әдет-ғұрыптардың және олардың атауларының түрлілігіне қарамастан жылқымен байланысты дүниетанымдық көзқарастардың орта тамыры болды, жәнеде олар аталған жануарды қолға үйреткен тайпаларда ықылым замандарда-ақ қалыптасқан. Түркі-моңғол халықтарының дәстүрлі мәдениетіндегі жылқы бейнесі арқылы халықтың материалдық және рухани мәдениетінің бір бөлшегі болып табылатын жылқышылықтың ерекшеліктері мен терең мазмұнын анықтауға болады.

**Түйін сөздер:** жылқы, тұл, сетер, хойлго, сэтэртей, дүниетаным.

## НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ МИРОВОЗЗРЕНИЯ ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИХ НАРОДОВ, СВЯЗАННЫЕ С ЛОШАДЬЮ

Жуматаев Р.С.<sup>1</sup>, Кожабекова Ж.Б.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>КазНУ им. Аль-Фараби, кафедра археологии, этнологии и музеологии, старший преподаватель, PhD

<sup>2</sup>КазНУ им. Аль-Фараби, кафедра всемирной истории, историографии и источниковедения, преподаватель, PhD

**Аннотация.** Целью данной статьи является рассмотрение роли коня в традиционной культуре. Но особенно ярко выступает этот культ у тюрко-монгольских, что связано с огромным значением лошади в их хозяйстве, культуре и быте. Авторы указывают, что в мировоззрении указанных народов представления о лошади занимало одно из важнейших мест, образ которого наделялся многообразной символикой. В традиционном мировоззрении лошадь имела статус священного животного и играла большую роль в практиках различных ритуалов. Несмотря на разнообразие обрядов и их названия мировоззренческие взгляды связанные с лошастью имели единые корни, которые формировались еще в глубокой древности у племен приручивших данное животное. Образ коня в традиционной культуре у тюрко-монгольских народов позволяет выявить глубинное значение и особенности традиции коневодства как части материальной и духовной культуры народа.

**Ключевые слова:** лошадь, тул, сетер, хойлго, сэтэртей, мировоззрение

## SOME ASPECTS OF WORLDVIEW RELATED TO HORSES AT TURK-MONGOLIAN PEOPLES

Zhumataev R.S.<sup>1</sup>, Kozhabekova ZH.B.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>al-Farabi KazNU, Department of Archeology, Ethnology and Museology,  
Senior Lecturer, PhD

<sup>2</sup>al-Farabi KazNU, Department of World History, Historiography and Source Studies, Lecturer, PhD  
Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** The purpose of this paper is to examine the role of the horse in traditional culture. But this cult is especially vivid in the Turkic-Mongolian, which is associated with the enormous importance of the horse in their economy, culture, and way of life. The authors indicate that in the worldview of these peoples, the idea of a horse occupied one of the most important places, the image of which was endowed with diverse symbolism. In the traditional worldview, the horse had the status of a sacred animal and played a large role in the practice of various rituals. Despite the variety of rituals and their names, the worldviews associated with the horse had common roots, which were formed in ancient times among the tribes that tamed this animal. The image of a horse in the traditional culture of the Turkic-Mongolian peoples reveals the deep significance and characteristics of the horse-breeding tradition as part of the material and spiritual culture of the people.

**Keywords:** horse, tool, seter, hoilgo, setertey, worldview

### Кіріспе

Ежелгі замандардан бастап-ақ жылқы малының адамдардың тұрмыс-тіршілігінде алатын орны нақты айқындалды. Оның шаруашылықтағы және соғыстағы артықшылығы оған деген ерекше ілтипатты қалыптастырды деседі болады. Әсіресе, көшпелі халықтардың қоғамдық өміріндегі жылқының маңызын сипаттаудың өзі артық болар. Яғни, оларда жылқы жай ғана көлік құралы емес, батырлардың айнамас жолдасына, әртүрлі жосын-жоралғылардың белгілі бір кейіпкеріне айналады. Осылайша жылқы біртіндеп көшпелі халықтың осы дүниедегі серігі болып қоймай, қайтыс болған адамды о дүниеге аттандыру ғұрыптарын жүзеге асыру барысында өзіндік орынға ие болады. Оған дәлел ретінде Еуразия кеңістігінде сонау энеолит заманынан бастау алып қола, ерте темір және орта ғасырлық жерлеу орындарынан табылған жылқы қаңқаларын немесе оның кейбір бөліктерін келтіруімізге болады.

Жалпы осы күнге дейін ежелгі және ортағасырлық жұрттардың әдет-ғұрпындағы жылқыға қатысты біршама ғылыми еңбектер жазылып, бірқатар тұжырымдар жасалғандықтан біз бұл шағын мақалада аталған мәселенің бүге-шүгесіне тоқталмай, басты назарды жылқының кейінгі түркі халықтарының дүниетанымындағы орнына аударуды жөн санап отырмыз.

### Дереккөзі мен әдістері

Ежелгі және ортағасырлық дәуірлерге жататын археологиялық материалдар мен жазба деректер әдет-ғұрыптардағы жылқыны келесідей жіктеуге мүмкіндік береді:

- 1) жылқы құрбандық малы;
- 2) жылқы басқа әлемге жеткізуші және сол жақтағы мініс көлігі.

Ендігі жерде археологиялық деректер мен этнографиялық параллелдер негізінде жазба деректердегі аталған мәселелерге талдау жасап көрелік.

Этнографиялық дәуірде түркі-моғол халықтарының дүниетанымында жылқымен байланысты әдет-ғұрыптар ежелгі генезисін сақтай отырып, кейбір өзгерістермен және

жаңашылдықпен көрініс тапты. Түркі халықтарының бірі қазақ халқының жылқымен байланысты жерлеу-еске алу ғұрпы «тұл ат», «тұлданған ат» немесе «қаралы ат» ұғымдарымен астасады. Бұл бойынша қайтыс болған адамның тіршілігіндегі мініс жылқысының құйрық-жалын күзеп үйірге жібереді. Бір жыл бойы оған ешкім мінбейді, оны тіпті барымташылар да айналып өтетін болған [1, с. 35-40]. «Тұл ат» жылдық асына сойылып, оның бас сүйегі қабір басына қойылған. Көп жағдайда негізінен жылдық асқа сойылған «тұл аттың» бас сүйегі бейітке ілінген. Қазіргі күні жылқыны «тұлдау» рәсімі сақталмаса да, еліміздің шығыс өңірлерінде оның сарқыншақтары кездеседі. Шығыс Қазақстанның көп аудандарыда адамның қайтыс болған кезінде сойылған жылқының және бір жылдық асына арналған жылқының да бас сүйектері бейітке қойылады немесе ілінеді.

Ғұрыптық идеясы жағынан қазақтың «тұл ат» немесе «қаралы ат» түсініктерімен ұқсас жосын-жоралғылар басқа да түркі және моңғол халықтарында да көрініс тапқан. Ғұрыптағы басты қағида жылқы бірден құрбандыққа шалынбай белгілі бір уақыт үйірдің ішінде жүруі. Мұндай құрбандық жылқыларын хакастар «ызых», тывалықтар «ыдык», якуттар (сахалар) «ытык сылгы» («киелі жылқы») және «хайлыга ат» (тайэлга), телеуттер «ыйык», қырғыздар «ыйык» немесе «сетер жылқы» [2, с. 120], моңғолдарда «сэтэртэй», алтайлықтар «койлоо ат», буряттар «хойлго» [2, с. 169] деп атаған. Аталған жосын-жоралғылардың түп-төркіні бір болғанымен, уақыт кеңістігіне қарай түрленіп, әр халықтың дүниетанымдық болмысына қарай икемделген. Жалпы аталған ұғымдардың анықтамасын түсіндіру үшін ең алдымен түркі-моңғол халықтарының этнографиялық дәуірдегі жылқымен байланысты рәсімдерді саралап өткен маңызды деп санаймыз.

Басқа да түркі халықтарындағы тәрізді саха-якуттардың да өткен тарихында жылқының культтік маңызы болды. Олардың әдет-ғұрыптарындағы жылқының орны біршама зерттеулер мен этнографиялық материалдарда көрініс тапқан. Тарихи-этнографиялық құндылығы әлі күнге дейін маңызын жоғалтпай келе жатқан Я.Линденаудың еңбегінде ауқатты якуттардың жерлеу ғұрпы сипатталады. Автордың көрсетуінше қайтыс болған адамды жерлеу барысында бірнеше жылқы қосып көмілген, оның бірі адамның жанына қойылса, қалғандары қабірден тыс жерге көмілетін болған. Жерлеу ғұрпы аяқталған соң тағы бірнеше жылқы сойылып, олардың терілері ағашқа ілінетін болған. Бір апта өткен соң, жерлеуге қатысқан адамдар тағы жиналып бірнеше жылқыны құрбандыққа шалып, сол жерде еті желінген. Одан бөлек қабірдің бір жағына бірге көмілген жылқылардың санынан сәйкес, ал екінші бетіне жерлеу кезінде желінген жылқы санымен бірдей сырық орнатылған [3]. Көріп отырғанымыздай Я.Линденаудың ХVIII ғ. берген мәліметтері өзіміз жоғарыда тоқталып кеткен ортағасырлық деректермен үйлесім табады. Жалпы алғанда саха-якуттарда жылқымен байланысты өткізілетін рәсімдердің түрлері бірнешеу. Ендігі жерде жылқымен қатысты осы жосын-жоралғылардың этнографиялық мағынасын түсіндіріп көрсек. Якуттарда адам қайтыс бола салысымен сойылатын жылқы «хаайлыга» деп аталып, қайтыс болған адам онымен алыс сапарға аттанады деген сенім қалыптасқан [4]. Жылқыны ең алдымен қайтыс болған адамның үйіне әкеледі де, тізгінін қолына беріп «мынау сенің мініс атың, тірек көпірің, тексеріп ал» деген сөздер айтылған [4, с. 144]. Адамды жерлегеннен кейін зиратқа жақын талдардың біріне «хаайлыга» жылқының басы бір мойын омыртқасымен ілген. Одан кейін жерлеу орнын үш рет атпен айналып өтіп, тарқасқан [4, с. 188]. И.А. Худяков верхоян якуттарындағы аталмыш ғұрыпты былайша сипаттайды: «қайтыс болған адамның жылқысын иесінің тірі кезіндегідей ерттеп, одан кейін оның тіршілік еткен жерлерімен шапқылатады; бұл жылқы күнмен және дүниемен қоштасуы үшін жасалады. Осыдан соң, жылқыны арнайы қораға кіргізіп, ең мықты адам оны шоқпармен ұрады. Жылқы селт етпестен өлуі қажет; егер жылқы бірден өлсе, қайтыс болған адамның туыстары қуанады, олай болмаса, иесі о дүниеде қиналып жатыр деп ойлайды» [5]. Кейбір мағлұматтарға сәйкес кейінгі діни сенімдеріне қарай, әсіресе

күштеп шоқындырудың салдарына кейбір аймақтарда қан шығару құрбандығына тыйым салынған. Ендігі жерде «хаайлыга» жылқының бас сүйегінің ағашқа ілу рәсімімен сипатталған [6, с. 306]. Бұдан бөлек якуттарға қатысты этнографиялық мәліметтерде жылқымен байланысты «ытық сылгы» ұғымы кездеседі. Бұл ғұрыппен байланысты «киелі жылқы» бақсының өткізген рәсімдерінен кейін, үйірге жіберілген. Мұндай жылқыны ешкім мініс көлігі пайдаланбаған немесе соғымға соймаған. Жылқы өз ажалы жетіп өлген кезде ғана оның сүйектерін ағаштан тұрғызылған арнайы «арангаста» жерлеген [6, с. 198].

Талдамалар. Археологтар саха халқында адаммен қоса жылқы жерлеу рәсімінің негізгі үш түрі бар екенін атап өтеді: топырақтағы, жердегі және ауадағы. Өз кезегінде әрқайсысының жергілікті нұсқалары бар: жылқы мүрдесінің топырақтағы қорымдары жеке шұңқырда, адам мүрдесімен бірге немесе арнайы қапталда болады. Олар қаңқалар саны және сою немесе өртеу тәсілі жөнінен ерекшеленеді [6, с. 198-199].

Осындай дүниетанымдық ұстанымға негізделген әдет-ғұрыптық сарындар Саян-Алтайды мекендейтін басқа да түркі халықтарында кездеседі. Мәселен, XIX ғ. авторы Н.Ф. Катанов хакастардың этнографиялық тобы бельтырлер бұрынғы уақыттарда қайтыс болған адамның сүйікті жылқысын өзінің ерімен ерттеп, қанжығасына заттарын іліп, жылқының жалы мен құйрығын әйелдердің бұрымы тәрізді өрген. Одан кейін жылқы есіктің алдында өлікті шығарғанша байланып тұрған. Мұндай жылқылар қабір басында құрбандыққа шалынып, еті ит-құсқа қалдырылған [7].

А.В. Анохиннің мәліметіне сүйенсек, телеуттер мен тывалықтар қайтыс болған адамның жақсы көретін атын о дүниеде мініп жүруі үшін сойған. Тывалықтарда XX ғ. басына дейін иесіне ат арнау ғұрпы сарқыншақ ретінде сақталған [8, с. 57].

Ал алтайлықтарда иесімен бірге жерленетін жылқы «койлоо ат» деп аталған [9, с. 134]. Одан бөлек алтайлықтар жоғарғы әлем иесіне арнап құрбандық шалатын болған. Ондай жылқыны «барылғы» немесе «ыйық» деп атаған. Мұндай құрбандық жылқысын бақсы таңдап, басқа жылқылардан өзгешелеу үшін оның жалына қызыл шүперек байланған. Жәнеде оған ешкім мінбей, құйрық-жалы күзелмеген. Құрбанға шалынғанға дейін үйірде жүрген [10, с. 253-254].

Құмандылар тайпаны желеп-жебеуші «Пайнеге» арнап үлкен ғұрыптық іс-шара өткізген. Оның негізгі рәсімдік нышаны ретінде құрбандыққа жылқы шалынған. Бұл ғұрыпты іске асыру барысында қолданылатын жылқы құлын кезінен таңдалып, үш-төрт жасқа дейін мінілмей өсірілген. Сенім бойынша осы жылқыға мініп Пайне өзіне қарасты тайпаның мекенін аралаған. Белгіленген күні, киелі қайыңның түбінде арнау жылқы құрбандыққа шалынып, оның бас сүйегі мен тұлыбы сол қайыңға ілінген [11, с. 61-62].

Этнографиялық мәліметтерге сүйенетін болсақ, түркі халықтарының бірі қырғыздарда қайтыс болған адамның жылдығына сойылатын жылқы «сетер» деп аталған. Мұндай жылқыға негізінен марқұмның тірі кезінде мінген жануары таңдалып, құйрығы мен жалы күзелген күйі үйірге қосқан. Одан бөлек оның ғұрыптық маңызын көрсету үшін кекіліне ақтық байлаған. Зерттеушілердің көрсетуінше «сетер» дегеніміз де «киелі» деген ұғым берген [2, с. 120]. Одан бөлек қырғыздарда қайтыс болған адамды жерлегеннен кейінгі ұйымдастырылатын ат шабыс «көр бәйге» деп аталады. Зерттеушілердің пікірінше мұндай салттың басты қағидасы – өлген адамды еске алу. Аталған жосын-жоралғы қайтыс болған адамға қырық күн, жыл толғанда да өткізілген. Соның барысындағы ат бәйгеде бірінші келген салт атты өлген адамның үйінің алдына келіп, ондағы қаралы жалауды алып, оның сабын сындырып құрбан малы пісірілген ошаққа тастаған. Осындай жоралғы әулеттегі қаралы мерзімнің аяқталғандығын білдірген [5, с. 59].

Жылқы байланысты тотемдік жоралғылар башқұрттарда да кездеседі. Оларда жылқының бас сүйегін есік алдына, қабырғаға немесе қора төбелеріне іліп қоятын ежелгі рәсім сақталған. Адамдар бұл бас сүйектерді аракидік майлап отырған. Бұл рәсімнің мәні мал-жанды көзден сақтау,



сондай-ақ сол мал иесінен құт кетпесін дегенге саяды [12, с. 285].

Чуваштарда бертінгі уақытқа дейін өздерінің құдайларына шалынатын құрбандықтың ең үлкені жылқы екенді айтылса [90], Кавказды мекендейтін түркі халықтары қарашай мен балқарларда жылқының басы қасиетті саналып, оны үйдің төбесін тірейтін негізгі бағанға ілген [13, с. 171-173].

Осы айтылғандарға тағы бір қосатын мәліметтер моңғол халықтарының дүниетанымында да кездеседі. Оның себебі айқын, ежелгі және ортағасырларда түркі-моңғол халықтарының бір-біріне етене жақын ортақ діни көзқарастар болған. Мәселен, М.Н. Хангаловтың көрсетуінше буряттар о дүние туралы түсінікке сәйкес қайтыс болған адамды көлікпен қамтамасыз ету үшін жанына жылқы қосып жерлеген [14, с. 205-225]. Саян-Алтайды мекендейтін түркі халықтарындағы тәрізді буряттарда да «хойлго» (жерлеу жылқысы) ұғымы кездеседі. Т.А. Бертагаевтың түсініктемесі бойынша аталған ұғымдағы «хой» жұрнағы - солтүстік дегенді білдірген, яғни «хойлго» дегеніміз солтүстікке бағытталған жылқы мағынасын береді [15, с. 57]. XX ғ. басында ламаист-буряттарда мәйітті табытқа салу сәтінде аулаға ертелген жылқы әкелініп бағанға (сээргэ) байланған. Олардың сеніміне сәйкес бұл жылқыға мәйіттің рухы мінген. Мәйітті алып кеткеннен кейін жылқыны аулаға бос қоя берген, тек 49 күн өткенде ғана оны құрбандыққа шалған [16, с. 81-87]. Бұдан бөлек буряттарда жылқының бас сүйегі мен тұлыбын ілумен байланысты «зулэхи» атты рәсім бертінге дейін ұшырасады [17, с. 285-286].

### Нәтижелер

Сонымен этнографиялық параллельдерді сараптау барысында жылқымен байланысты орындалатын келесідей рәсімдерді аңғарамыз: жылқының қан шығырылмай құрбандыққа жіберу, жылқы тұлыбын ағашқа ілу немесе керіп қою және құрбандыққа арналған жылқы ілінетін немесе байланатын ағаш бағанның қызметі.

Көрсетілген мәселелер бойынша талдау жүргізейік. Жылқыны қанын шығармай құрбандық малы ретінде таңдау қазақ халқындағы «тұл ат», алтайлықтардағы «барылғы» немесе «ыйык», якуттардағы «ытык сылғы», қырғыздардағы «сетер», моңғолдарда (дербеттер) «сэтэртэй» тәрізді мазмұны ортақ рәсімдермен сипатталады. Олардың әрқайсысында жылқы «киелі» болып саналған. Яғни, олар иесі қайтыс болғанда бірден құрбандыққа шалынбай, белгілі жосын-жоралғылардан кейін үйірге қосылып отырған. Басқа жылқылардан айыру үшін оларға жоғарыда сипатталғандай арнайы белгілер салынған. Бұл рәсімнің кейбір қырлары, әсіресе моңғолдардың дербет тайпасы мысалында В.Терентьевтің еңбегінде жақсы талданған [18, с. 191-211]. Ал түркі халықтарындағы мазмұны қайтыс болған адамның ғұрыптық өкілі - «тұлдың» бір жыл бойы өзінің руластарымен бірге көшіп жүруі тұрғысынан түсіндіріледі. Осыдан келіп бір жылдық аста «тұл аттың» о дүниеге бастаған саяхаты аяқталып, өлген адаммен руластары арасындағы байланыс тізбегі үзілген. Былайша айтқанда қаралы үйдің аза тұту уақыты біткен.

Тағы бір түсінік бойынша, әсіресе моңғолдардағы «сэтэртэй» рәсімі мал санын көбейту және қорғау мақсатында орындалған [18, с. 200]. Бір жағынан алып қарағанда мұның да бір шынайлығы бар тәрізді. Біріншіден, құрбандық жылқы үйірге қосылғаннан кейін оған ешқандай ұры-қары тимеген, ит-құстан қорғалған. Яғни, ондай жылқы үйірде жүруі арқылы бүкіл үйірдің қауіпсіздігін қамтамасыз еткен. Екіншіден, мұнда діни-нышандық қорғаныс болған деген пікірдеміз. Мәселен, қазақ халқында «әкенің малы балаға мал болмайды» деген сөз тіркесі кездеседі. Соған салсақ, жылқыны бірден құрбандыққа шалмай үйірге қосу арқылы, артындағы ұрпағы басқа малдарын қорғауға тырысқан болуы мүмкін. Жалпы алғанда, қарастырылып отырған ғұрып ежелгі үнді-арийлік «ашвамедхамен» толық бітіседі деуге болады. Оның ішіндегі келесі құбылыс қызығушылық тудырады. Аталған ғұрыпты жүзеге асыру барысында таңдап алынған жылқы солтүстік-шығыс бағытында бір жылға дүниені шарлауға жіберілген. Жылқының

жолына кедергі келтіргендердің барлығы рәсімдік қарғысқа ұшыраған. Оның үстіне жылқының жанында 100 жігіт қорғаушы ретінде жүрген. Жылқының тек бір жылдық сапары аяқталғаннан кейін ғана арнайы тік бағанда тізгіндеп құрбандыққа шалған [19, с. 304-336]. Қазақ халқының «тұл атты» иесінің бір жылдық асында ғана союуы, сипатталған ежелгі ғұрыптың мазмұнымен толық сабақтасады.

